


КАРТОГРАФИЯ

Картография - географиялық карталар, оларды жасау және пайдалану туралы ғылым.

Картография табиғат пен қоғам құбылыстарының үйлесуі мен өзара байланысуын, олардың кеңістіктегі орналасуын және уақыт бойынша өзгеруін, т. б. картографиялық кескіндеудің (бейнелеудің) көмегімен зерттейтін ғылым. Комителық ұғымдарға - аспан денелері мен жұлдызды аспанның карталары, глобустар мен жер бедері карталары, картографиялық белгілермен берілген кеңістік модельдері (үлгілері) жатады.





Комитенің негізгі салалары:

Картография пәні мен әдістемесі, карта туралы ілім, картографиялық проекциялар теориясы, генерализация мен кескіндеу әдістерінің (шартты белгілер жүйесі) теориялары;

Картография ғылымы мен өндірісінің тарихы;

картографиялық деректер тану (картографиялық деректерді саралау және оларға қатысы бар ғылыми-ақпарат теориясының мәселелері);

карталарды жобалау және оларды дайындау теориясы мен технологиясы;

карталарды пайдаланудың теориясы мен әдістемесі.

Картография ғылыми және техникалық пәндер жүйесіне тарамданады. Оның біреуінің көп ғасырлық тарихы болса, кейбіреулері жақында ғана пайда болып, қалыптасу сатысынан өтуде. Комитенің жалпы теориясы картаны жасау әдістемесі мен пайдалану мәселелерімен шұғылданады. Картография теориясының негізгі әдістемесі - картатану. Математикалық Картография картаның математикалық негіздерін зерттейді. Ол картографиялық проекция теориясын әзірлейді, картографиялық тор құрудың әдістерін жасайды, олардағы бұрмалануды талдайды.



Картография және географияның ғылыми деректері Ежелгі Грекиядан басталады. Бұған Александр Македонскийдің, (Ескендірдің, б.з.б. IV) жарлығының ықпалы мол болды. Ескендірдің кезінде кең аумақты отарлау мен сауда кеңінен жүрді, ірі географиялық ашылымдар болды. Ежелгі Грекиядағы географиялық ой-өрістің және астрономияның дамуы нәтижесінде Жер шар тәріздес деген ғылыми ұғымы қалыптаса бастады. Мұнда Аристотельдің еңбегі зор болды. Жердің шар тәріздес екендігін алғаш рет дәл өлшеп көрсеткен астроном және географ Эратосфен болды (б.з.б. III ғасыр). Эратосфен өзінің "География" кітабында сол кезде белгілі болған Жер бетінің бейнесін картаға түсірді. Эратосфен алғаш рет "географиялық бойлық", "географиялық ендік" ұғымдарын енгізіп, оны іс жүзінде пайдаланды.

Сегодня



25 июля | [другие даты](#)

В этот день... [добавить RSS](#)



1826 год. 25 июля (13 июля ст.ст.)
состоялась казнь пленных
участников восстания декабристов

«Все подсудимые были разделены по
мерам наказания на 11 разрядов: 1-й
(31 подсудимый) - к "отсечению
головы", 2-й - к вечной каторге и т. д.;
10-й и 11-й - к разжалованию в
солдаты. Пленный суд поставил вне



Фильм "Неизвестная
война"
Оригинальная версия
документальной киноленты

Новые книги



Архив Князя Воронцова: В 40

Назарларыңызға
рахмет!!!